

Отандық машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 қарашадағы N 1115 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 1002 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 N 1002 Қаулысымен.

"Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 ақпандағы № 535 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған отандық машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешені (бұдан әрі - Шаралар кешені) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдар Шаралар кешенінің тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жылына бір рет 15 шілдеге Шаралар кешенінің орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 29 қарашадағы
N 1115 қаулысымен

бекітілген

Отандық машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешені

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыланд көздері
1	2	3	4	5	6
1. Жалпы жүйелік шаралар			И С М, Самұрық-Қазына"		

1.1	Орал, Өскемен, Петропавл және Алматы қалаларында машина жасау саласындағы тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді венчурлік қаржыландыру құрылымын құру жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), облыстар және Алматы мен Астана қалаларының әкімдіктері	2009 жылғы 4-тоқсан	Талап етілме
1.2	Дамушы елдерде қолданылатын машина жасау өнімдерін экспорттаушы кәсіпорындарды ынталандыру практикасын зерделеу және оның негізінде осы тәжірибені Қазақстанда қолдану үшін ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ, АШМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 1 шілде	Талап етілмейді
1.3	"Қазақстан Темір Жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жылжымалы құрамының жай-күйін талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ККМ (жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС (келісім бойынша)	2009 жылғы 15 шілде және 2009 жылғы 15 желтоқсан	Талап етілмейді
1.4	"Қазақстан Темір Жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының магистралды темір жол желілері жол шаруашылығының жай-күйін талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ (жинақтау), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 15 шілде және 2009 жылғы 15 желтоқсан	Талап етілмейді
2 .					
Қаржылық-кредиттік және инвестициялық қолдау					
2.1	Машина жасауды дамытуға жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтандыру компанияларының және басқа да инвестициялық қорлардың активтерін тарту тетіктерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ, ЭБЖМ, Еңбекмині, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "ҚазАгро" ҰХ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 1 шілде	Талап етілме
2.2	Машина жасау саласында және оған ілеспелі салаларда жаңа өндіріс ұйымдарының инвестициялық жобалар		ИСМ, "Самұрық-Қазына"		

	қоржынын қалыптастыру жөнінде жұмыс жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 1 шілде	Т а л а п етілмейді
3. Кадр саясаты					
3.1	Машина жасау кәсіпорындары үшін машина жасау мамандықтары кадрларын және менеджерлерін кәсіби-техникалық даярлаудың тиімді жүйесін жасау жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, БҒМ, АШМ, "ҚазАгро" ҰХ" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Талап етілме
3.2	Жыл сайын инженер кадрларға машина жасау кәсіпорындарының қажеттіліктеріне болжамды талдау жүргізу, олардың нәтижелері бойынша еліміздің және шет елдегі жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарының шеңберінде техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлау жөнінде ұсыныстар енгізу	БҒМ-ға ұсыныс	ИСМ, АШМ, облыстар және Алматы мен Астана қалаларының әкімдіктері	2009 жылғы 15 шілде және 2009 жылғы 15 желтоқсан	Талап етілме
4. Машина жасау кешенінің инфрақұрылымын дамыту					
4.1	Темір жол көлігі үшін, оның ішінде ірі құйманың бөлшектері үшін өндірісті ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	Қарағанды облысының әкімдігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі, "Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты" АҚ (келісім бойынша), "Шығысмашзауыты" АҚ (келісім бойынша)	2008 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісұс қаражаты
4.2	Құрастырылатын локомотивтер өндірісін ұйымдастыру	Құрастырылатын локомотивтер өндірісі	Астана қаласының әкімдігі, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісұс

			Локомотив лизинг " АҚ (келісім бойынша)		қаражаты
4.3	Жүк вагондарын шығаратын өндірістерді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, "ЗИКСТО" АҚ (келісім бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъекті қаражаты
4.4	Ұңғыларды бұрғылау, игеру және жөндеу үшін сериялық жабдықтар өндірісін әзірлеу және ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, Атырау облысының әкімдігі, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ (келісім бойынша), "АтырауМұнайМаш" ЖШС (келісім бойынша)	2010 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъекті қаражаты
4.5	Кен орындарын жайластыру және мұнай мен газды алғашқы өңдеу үшін жер үсті жабдықтарының өндірісін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, Атырау облысының әкімдігі, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ (келісім бойынша), "АтырауМұнайМаш" ЖШС (келісім бойынша)	2010 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъекті қаражаты
4.6	Темір жол тораптарын салу, қызмет көрсету, жөндеу	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "	2010 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші

	және диагностикалау үшін машиналар мен жабдықтар өндірісін ұйымдастыру	туралы хабардар ету	Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ (келісім бойынша)		субъекті қаражаты
4.7	"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ-ын және "АтырауМұнайМаш" ЖШС-ін техникалық қайта жарактандыру базасында мұнай жабдықтарының перспективалық түрлерінің өндірісін әзірлеу және ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, Атырау облысының әкімдігі, "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ (келісім бойынша), "АтырауМұнайМаш" ЖШС (келісім бойынша)	2014 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъекті қаражаты
4.8	Қазақстан Республикасында Екібастұз қ. "Таман" ЖШС базасында Өскемен қ. "Шығысмашзауыты" АҚ-мен бірлесіп жүк вагондарының құрылысы бойынша өндірісті ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	ККМ, ИСМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), "Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС (келісім бойынша), "КТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъектілер қаражаты
4.9	Ірі болат вагондық құйманы өндіруді ұйымдастыру (бүйір жақтаулары, надрессорлық біліктер және автоқыстырғылар)	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	ИСМ, ККМ, "КТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Шығысмашзауыты" ЖШС (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісүс қаражаты
4.10	10Д100 дизелі цилиндрінің гильзасын шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	ИСМ, ККМ, "КТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Локомотив" АҚ (келісім бойынша), "Кастинг" болат құю зауыты" ЖШС (келісім бойынша), "Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісүс қаражаты
		Қазақстан Республикасының	ИСМ, ККМ, "КТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Локомотив" АҚ (келісім бойынша),		

4.11	10Д100 дизелі поршенін шығару бойынша өндірісті ұйымдастыру	Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	"Құрал-сайман зауыты-2000" ЖШС (келісім бойынша), "Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісүс қаражаты
4.12	P65ВП үлгісіндегі шыны пластикалық үшкір окшаулағыш төсемдерді шығару бойынша өндірісті ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметін шығарылған өнімнің көлемі туралы хабардар ету	ИСМ, ККМ, "ҚТЖ " ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Технолоджи ТрансПолимер" ЖШС (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізуші субъекті қаражаты
4.13	Темір жолға жақын орналасқан елді мекендерді тазартылған сумен қамтамасыз ету	Су тазарту қондырғыларын жеткізуге арналған шарт	ИСМ, ККМ, "ҚТЖ " ҰК" АҚ (келісім бойынша), "Омега" прибор құрылыс зауыты" АҚ (келісім бойынша)	2010 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісүс қаражаты
4.14	Жартылай вагондар қызметінің мерзімін ұзарту бойынша зертханалар құру	Зертханалар құру	ККМ, ИСМ, "Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС (келісім бойынша), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Шаруашыл жүргізушісүс қаражаты
5 .					
Ғылыми-техникалық және инновациялық қамтамасыз ету					
5.1	Бәсекеге қабілетті өнімді шығару мақсатында машина жасау бағыты бойынша даму институттары мен екінші деңгейлі банктер, облыстар әкімдіктері қолдаған инвестициялық және инновациялық жобалар тізбесін құру	ИСМ-ге ақпарат	облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2009 жылғы 4-тоқсан	Т а л а п етілмейді
5.2	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс жоспарын қалыптастыру және 2012 жылға дейінгі кезеңге республиканың машина жасау зауыттарына жаңа жабдық түрлерін игеру	ИСМ-ге ұсынылатын жоспардың жобасы	ИСМ, АШМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘК" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Т а л а п етілмейді
	Машина жасаудың басым салалары бойынша кешенді және нысаналы				

5.3	ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүйелік қаржыландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ИСМ, АШМ, БҒМ, ЭБЖМ	2009 жылғы 4-тоқсан	Т а л а п етілмейді
6. Ақпараттық қамтамасыз ету					
6.1	Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың сервистік (мердігерлік) компанияларының жабдықтарды сатып алу, олардың қарастырылатын кезеңге қажеттіліктері бойынша жоспарланатын және өткізілген конкурс нәтижелері туралы ақпараттың машина жасау кәсіпорындарының назарына дейін жеткізілу ашықтығын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, ЭМРМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша)	2009 жылғы 4-тоқсан	Талап етілме

Е с к е р т п е :

аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
- АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
- "ҚазАгро" ҰХ" АҚ - "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
- "ҚТЖ" ҰК" АҚ - "Қазақстан Темір Жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

"Қамқор" жөндеу корпорациясы" ЖШС	- "Қамқор" жөндеу корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты" АҚ	- "Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы
"Локомотив лизинг" АҚ	- "Локомотив лизинг" акционерлік қоғамы
"ЗИКСТО" АҚ	- "ЗИКСТО" акционерлік қоғамы
"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ	- "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы
"АтырауМұнайМаш" ЖШС	- "АтырауМұнайМаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Шығысмашзауыты" АҚ	- "Шығысмашзауыты" акционерлік қоғамы
"Локомотив" АҚ	- "Локомотив" акционерлік қоғамы
"Кастинг" болат құю зауыты" ЖШС	- "Кастинг" болат құю зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Құрал-сайман зауыты-2000" ЖШС	- "Құрал-сайман зауыты-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"ТрансПолимер Технолоджи" ЖШС	- "ТрансПолимер Технолоджи" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Омега" прибор құрылыс зауыты" АҚ	- "Омега" прибор құрылыс зауыты" акционерлік қоғамы

**Ескерту. Ескертпеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1101
Қаулысымен.**